

ЕРЛІГІН ЕЛГЕ АРНАҒАН



«1946 жылдың күзі еді. Майдангер Дүзелбай ауылға оралғанда мен он жаста едім. Кешкілік Нұртаза атамның Қарасуының басындағы ағаш үй жанында бізге қарай солдат киімімен келе жатқан жауынгерді қарсы алдық. Бұл – майдангер Дүзелбай еді. Ағамызды көзге жас алып, құшақтап қарсы алдық. Інісі Кенжалы ағасын мойнынан құшақтап өкіріп жылап тұрды. Сол кез өлі көз алдымда, өлі есімде...»

Бұл естелікті бізге ардагер ұстаз Карл Ешімов айтқан еді.

Қай уақытта да дүниені шарпыған соғыс өрті ешкімге қуаныш әкелмеген. Сол соғыста елім деп өңіреген есіл ерлердің есімі жүректерде мәңгі сақталуға тиіс.

Ұйқысы қанып тұрмай, қарны тойып тамақ ішпей сұрапыл соғысты өткергендердің бірі — біздің әңгімеміздің басты кейіпкері, Ұлы Отан соғысының ардагері, менің атам Дүзелбай Болыскейұлы еді.

Қарапайым шаруаның ұлы, тарихы терең Ырғыз өңірінің азаматы Дүзелбай Болыскейұлы 1917 жылы дүниеге келген. Ауылдағы бастауыш мектепте білім алып, 1934 жылы Ырғыздағы комсомол комитетінің шақыруымен ветеринарлыққа оқытатын бір жылдық курсқа барады. Кешігіп барғандықтан орын толып қалып, қайтпақшы болғанында мұғалімі Ахметжан Қадіров оны аудан орталығындағы интернат-пансионатқа ертіп апарған. Мұнда ол Мұса Дайрабаев басқарған Сталин атындағы қазақ орта мектебіне қабылданады.

1939 жылдың күзінде әскерге шақырылып, РФ Калинин облысының Старица қаласында үш ай дайындықтан өткен Дүзелбай Болыскейұлы 1940 жылдың ақпан айында орыс-фин соғысына аттанады. Фин соғысынан кейін оқу-жаттығуға қалдырылып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда полк Карелия майданына аттанады. Ресейдің солтүстік-батысындағы Қандалакша станциясы маңында жауға қарсы соғысып, бірнеше қаланы азат етуге қатысқан. 1944 жылдың күзінде Мурманск бағытымен Норвегияны

азат етеді, ал 1945 жылдың қаңтарынан бастап совет армиясын неміс басқыншыларынан қорғауға үлес қосады.

Майдангер соғысты Берлин түбінде аяқтады. Ол «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Советтік Заполария», «Германияны жеңгені үшін», «Г.Жуков медалі» сияқты марапаттарға ие болды. Соғыстан кейін қираған шаруашылықты қалпына келтіру үшін, Карелияның Петрозаводск қаласында ағаш кесуге, құрылыс материалдарын дайындауға қатысқан. Жеті жыл өткен соң, 1946 жылдың күзінде елге оралды.

Дүзелбай Болыскейұлы соғыста жүргенде екі ағасы Рахмет пен Әшірбай, інісі Мешітбай майданға аттанып, ұрыс даласынан елге оралмаған. Анасы Балмекен қайтыс болып, үйінде тек інісі Кенжалы қалған еді. Зұлмат жылдар бір отбасына орасан қасірет әкеліп, зардабы осындай болған.

Ауылға оралған соң майдангер колхоз жұмысына араласып, адал еңбек етті. Аудан орталығында жоспарлау комитетінде спорт және дене шынықтыру саласында қызмет атқарды. 1947 жылы өз ауылына қайтып, жергілікті пошта бөлімшесінде меңгеруші болып істеді. Кейін Ақбөпе Ізтілеуқызымен отау құрып, төрт ұл, үш қыз тәрбиелеп, бақытты ғұмыр кешті. Дүзелбай Болыскейұлы 90 жасында дүниесіз болды.

Быыл — екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 81 жыл. Зұлмат кезеңнің көрінісі барған сайын бізден алыстап, тарих шежіресіне айналып барады. Бірақ адамзаттың қас жауы фашизмді талқандап, жеңіс туын көтергендердің ерлігі мен табандылығы тарихтан мәңгі орын алады.

«Шын сұрапыл, сол бір дауыл боранның

ызғарынан көкірегіңе толар мұң.

Майдангерлер сирегенмен өздері

қалыңдайды естелігі олардың».

Ел үшін қан төккен ерлердің есімі мәңгі ұмытылмайды.

Аруна ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,

Айнұр АЙДЫН,

Диана СОВЛЕТХАН,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

филология факультетінің

1-курс студенттері.

Жетекшісі Фатима ҚОЗЫБАҚОВА.

«Ж.Е.С» ЖШС

Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласында орналасқан «Ж.Е.С.» ЖШС ҚТҚ полигоны көздерінен атмосфералық ауаға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы», ҚББ, ҚОҚ іс-шаралар жобасы, ӨЗББ үшін ықтимал әсер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, координаттары : 49° 22' 02.2» с.е., 57°26' 05.4» ш.б..

Қоғамдық тыңдау өткізілетін күн, уақыт және орын: 2026 жылғы 19 мамыр сағат 15. 00-де, Ж.Жабаев көшесі №64 «А» Қандыағаш қаласының әкімдік ғимараты.

Ақтөбе облысының аумағында карантиндік режим енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өткізілетін болады:

Уақыты: 2026 жылғы 19 мамыр, сағат 15.00-де.

Конференция идентификаторы : 4984150657, қосылу коды Eсо2026.

<https://us04web.zoom.us/j/4984150657?pwd=eFgia3wP4vb0f18ZdpqbHkaS6ngVQ6.1>

Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «Ж.Е.С» ЖШС, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Северная көшесі 1. БСН: 981040003108, тел: 87016577639, эл.пошта: too_zhes@mail.ru.

Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «ILES» ЖШС, Астана қ, БСН 220740014476, байланыс тұлғасы: Шакирова А.І. +7 775 641 41 41, эл.пошта: iles.kz@bk.ru;

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның бірыңғай экологиялық порталына және интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның электронды және пошталық мекенжайы — Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, эл.пошта: expert_oos@mail.ru.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «КУЛ-БАС» ЖШС, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл учаскесі, 602 мекенжайы бойынша өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу, көдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі алаң салу».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 8.04.2026 ж. – 7.05.2026 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: 1) «Оңтүстік Жаңажол кен орнының №1025, №1038 пайдалану ұңғымаларын салу» 6267, 2) «№5044 ұңғыманың бүйір оқпанын реконструкциялау» 6039, 3) «№901 ұңғыманың бүйір оқпанын реконструкциялау» 5667, 4) «№904 ұңғыманың бүйір оқпанын реконструкциялау» 5982, 5) «№5130 ұңғыманың бүйір оқпанын реконструкциялау» 5530, 6) «Жаңажол кен орнының №5171,5156,5157,5173,5312,5315 пайдалану ұңғымаларының құрылысы» 6124, 7) «№3610 ұңғыманың бүйір оқпанын қайта жаңарту» 5336, 8) «Оңтүстік Жаңажол кен орнында №1015,1018 пайдалану ұңғымаларын салу» 6807, 9) «№Н4065, Н4066 пайдалану ұңғымаларын салу» 6708, 10) «№2672, 2650, 2658,2674 пайдалану ұңғымаларын салу» 6541.

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 8.04.2026 ж. – 7.05.2026 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Ақтөбе облысы бойынша ММ

ҚР ЭГЖТРМ Экология реттеу және бақылау бастамашы «SM Minerals» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Бенкалы мыс-порфир кен орнында қайталама мыс кендерінің қорларын ашық тәсілмен өндіру».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды ҚР ЭГЖТРМ Экология реттеу және бақылау комитеті электронды мекенжайда жүзеге асырады kerk@ecogeo.gov.kz және 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 14 кіреберіс.

Байланыс деректері: 8(7172)74-08-47.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 8.04.2026 ж. 7.05.2026 ж.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ

90-71-55

aktobesmi@mail.ru

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ
САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ
www.aqtobegazeti.kz